

Үгіттік басылым материалдарын орналастыру орындарын белгілеу және Қазақстан Республикасы Парламенті Сенатының депутаттығына кандидаттарға таңдаушылармен кездесуі үшін үй-жайды беру туралы

Күшін жойған

Солтүстік Қазақстан облысы Мамлют ауданы әкімдігінің 2017 жылғы 29 мамырдағы № 131 қаулысы. Солтүстік Қазақстан облысының Әділет департаментінде 2017 жылғы 6 маусымда № 4216 болып тіркелді. Күші жойылды – Солтүстік Қазақстан облысы Мамлют ауданы әкімдігінің 2017 жылғы 19 тамыздағы № 216 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды – Солтүстік Қазақстан облысы Мамлют ауданы әкімдігінің 19.08.2017 № 216 қаулысымен (алғашқы рет ресми жарияланған күннен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

"Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы" 1995 жылғы 28 қыркүйектегі Қазақстан Республикасы Конституциялық заңының 28 бабының 4, 6 тармақтарына сәйкес Солтүстік Қазақстан облысы Мамлют ауданының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Мамлют аудандық сайлау комиссиясымен бірге Қазақстан Республикасы Парламенті Сенатының депутаттығына барлық кандидаттардың үгіттік басылым материалдарын орналастыру орындары осы қаулының 1 қосымшасына сәйкес белгіленсін.

2. Қазақстан Республикасы Парламенті Сенатының депутаттығына барлық кандидаттарға таңдаушылармен кездесуі үшін шарттық негізде үй-жай осы қаулының 2 қосымшасына сәйкес берілсін.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау Солтүстік Қазақстан облысы Мамлют ауданы әкімінің аппарат басшысы А.Х. Мушараповаға жүктелсін.

4. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

*Аудан әкімі
"КЕЛІСІЛДІ"*

*Мамлют аудандық
сайлау комиссиясының
төрағасы*

2017 жылғы 29 мамыр

Е. Бекшенов

В. Целуйко

Қазақстан Республикасы Парламенті Сенатының депутаттығына барлық кандидаттардың үгіттік басылым материалдарын орналастыру орындары

№ т/т	Елді мекеннің атауы	Орналастыру орны
1.	Солтүстік Қазақстан облысы, Мамлют ауданы, Мамлютка қаласы (Солтүстік-Батыс бөлік)	"Солтүстік Қазақстан облысы Мамлют ауданы Мамлют № 1 мектеп гимназия" коммуналдық мемлекеттік мекемесінің ғимараты маңындағы ақпараттық стенд
2.	Солтүстік Қазақстан облысы, Мамлют ауданы, Мамлютка қаласы (Орталық бөлік)	"Сказка" дүкені ғимаратына қарсы ақпараттық стенд

Солтүстік Қазақстан облысы Мамлют ауданы әкімдігінің 2017 жылғы 29 мамырдағы № 131 қаулысына 2 қосымша

Қазақстан Республикасы Парламенті Сенатының депутаттығына барлық кандидаттардың таңдаушылармен кездесуі үшін үй-жай

№ т/т	Елді мекеннің атауы	Кездесу үшін үй-жай
1.	Солтүстік Қазақстан облысы, Мамлют ауданы, Мамлютка қаласы	"Солтүстік Қазақстан облысы Мамлют ауданының Мамлют қазақ мектеп-интернаты" коммуналдық мемлекеттік мекемесінің кітапханасы, Солтүстік Қазақстан облысы, Мамлют ауданы, Мамлютка қаласы, Скачков көшесі, 82